

М.Мағауиннің “Әйел махаббаты”, “Қуыршақ” шығармаларындағы адам тағдыры.

ЖАРИЯЛАНДЫ
12.12.2025

ТИРЕК СӨЗДЕР
archetypes, folklore, human destiny, Kazakh prose, love, Mukhtar Magauin, mystical realism, psychological analysis, tragedy, адам тағдыры, архетип, қазақ прозасы, М.Мағауин, махаббат, мистикалық реализм, психологиялық талдау, трагизм, фольклор

СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/185774/>

Кеңесбаева Меруерт Мадиказы

Жұмахмет Алтынай Рашидқызы

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды Ұлттық зерттеу университеті

Жетекші: Төлеубаева Кәмшат Аманбаевна

Аңдатпа. Мақалада Мұхтар Мағауиннің «Әйел махаббаты» және «Қуыршақ» әңгімелеріндегі адам тағдыры, махаббат табиғаты, ішкі психологиялық тартыстар, мистикалық және әлеуметтік-психологиялық мәселелер талданады. Жазушының психологиялық шеберлігі, фольклорлық және реалистік көркемдік әдістерді біріктіруі, кейіпкерлердің рухани күйі мен қоғаммен қарым-қатынасы жан-жақты ашылады. «Әйел махаббатында» нәзік лиризм мен трагизм тоғысса, «Қуыршақ» әңгімесінде мистикалық элементтер мен фольклорлық архетиптер қазіргі заман контексінде жаңаша интерпретацияланады. Екі шығармада да адамның рухани әлсіздігі, жалғыздығы, тылсымнан қорқу мен оған тартылу психологиясы терең көркемдікпен суреттелген.

Кілт сөздер: М.Мағауин, қазақ прозасы, психологиялық талдау, трагизм, мистикалық реализм, махаббат, адам тағдыры, фольклор, архетип.

Аннотация. В статье анализируются произведения Мухтара Мағауина «Әйел махаббаты» и «Куыршақ» в контексте человеческой судьбы, природы любви, внутренних психологических конфликтов, мистических и социально- психологических проблем. Особое внимание уделяется мастерству автора в создании психологически глубоких образов, соединению фольклорных элементов с реалистическим повествованием и раскрытию духовного состояния персонажей. В первой новелле доминируют лиризм и трагизм, тогда как во второй — мистические мотивы, постфольклорные символы и

драматизм. Оба произведения демонстрируют хрупкость человеческой души, борьбу чувств и разума, влияние неизвестных сил на судьбу личности.

Ключевые слова: М.Магауин, казахская проза, психологизм, трагизм, мистика, любовь, человеческая судьба, фольклорные мотивы.

Abstract. This article examines Mukhtar Magauin's short stories "Aiel Makhabbaty" ("A Woman's Love") and "Kuirshaq" ("The Doll"), focusing on themes of human destiny, the nature of love, inner psychological conflict, mystical elements, and socio-psychological issues. The analysis highlights the author's mastery in merging psychological depth with folklore-inspired imagery and realistic narration. "A Woman's Love" blends lyrical romanticism with tragic outcomes, while "The Doll" introduces mystical symbolism and post-folkloric elements that emphasize spiritual vulnerability and the duality of human emotions. Both stories reveal the fragility of the human soul, the tension between fear and desire, and the complex relationship between individuals and external forces that influence their fate.

Keywords: Mukhtar Magauin, Kazakh prose, psychological analysis, tragedy, mystical realism, love, human destiny, folklore, archetypes.

Кіріспе. Мұхтар Мағауиннің «Әйел махаббаты» әңгімесі — қазақ прозасындағы адам тағдыры, махаббат табиғаты, жастар психологиясы, өнер мен қоғам арасындағы қатынастар, сондай-ақ әйел сезімінің күрделілігі көрініс табатын көркем туынды. Әңгімеде негізгі оқиға желісі жас қыздың консерваторияда оқитын, талантты композитор Төлегенмен танысуы, оған деген ішкі қызығуы, махаббатты қабылдау мен қабылдамау арасындағы ішкі психологиялық тартысы және сол махаббаттың трагедиялық аяқталуымен түйінделетін адам тағдырының ащы шындығына құрылған. Жазушы адам өмірінің күтпеген сәттерін, тағдырдың құбылмалы мінезін, махаббаттың бірде лирикалық, бірде ауыр, бірде романтикалық, бірде трагедиялық күйін көркем түрде көрсетеді.

Баяндаушы қыз бастапқыда Төлегенге қызығады. Оның даусы, өнері, мінезі, ерекше табиғи тартымдылығы қыздың жанына жылы сезім ұялатады. Шығармада қыздың «бәрі сияқты емес», «шын да махаббат керек пе?» деген ішкі ойлары оның мінезін айқындайды. Ол өмірге жеңіл-желпі қарамайтын, сезімді бірден ашып көрсетпейтін, өзін сақтай білетін бейне ретінде суреттеледі. Қыздың Төлегенге бірден беріле қоймауы — оның рухани тазалығы, парасат сезімі және махаббатты терең ұғынуға тырысатын табиғатын көрсетеді. Жазушы осылайша әйел сезімінің нәзіктігін, ішкі толғанысын, оның өзін-өзі қадағалайтын жан әлемін нанымды бейнелейді. Төлегеннің тұлғасы әңгімеде ерекше романтикалық реңкпен беріледі. Ол

— консерваторияда оқитын, табиғи дарыны бар, болашағынан үміт күттіретін өнер иесі. Оның әндері, дауыс мәнері, ішкі рухы қыздың да, өз айналасының да назарын аударады. Бірақ бұл романтизмнің артында үлкен әлеуметтік ауыртпалық жатыр:

Төлегеннің жетімдігі, материалдық тапшылығы, жалғыздығы, тірек болатын отбасылық ортаның жоқтығы оның тағдырын қиындатады. Автор осы деталь арқылы өнер адамының өзін қоршаған қоғаммен, әлеуметтік жағдаймен, тұрмыс шындығымен бетпе-бет келетінін, шынайы таланттың да өмірлік ауыртпалықтан құтыла алмайтынын көрсетеді. Әңгімеде лиризм айрықша орын алады. Жазушы қыз бен Төлегеннің бірге қыдырған сәттерін, түнгі қаланың көріністерін, қыздың алақанына құлаған қар түйіршіктерінің бейнесін, алғашқы романтикалық толғанысын өте нәзік поэтикалық тілмен суреттейді. Мұндай суреттер кейіпкерлердің көңіл күйін, жүрек лүпілін, ішкі сезімнің оянуын дәл береді. Бұл — романтикалық, таза, мөлдір сезімдердің шынайы көрінісі. Сонымен бірге, шығармада трагизм де қатар жүреді. Алғашқы романтизмнен кейінгі оқиғалар кейіпкерлердің үмітін үзіп, тағдырдың қаталдығын көрсетеді. Төлегеннің өмірі бірте-бірте күйзеліске, торығуға ұласады. Оның рухани дағдарыстары, мазасыздануы, киімдерінің жүдеу тартып, жан дүниесінің күйреуі — оның трагедиялық тағдырын алдын ала сездіреді. Әңгіме барысында Төлегеннің талантты, бірақ әлсіз, жанын қорғай алмайтын, қоғаммен күресе алмайтын бейнесі айқындалады. Соңында оның жындыханаға түсіп, адам ретінде күйреп, қайғылы аяқтауы — махаббаттың да, арманның да трагедияға ұласатынын көрсететін шешуші деталь. Бұл — шығарманың ең ауыр, ең шынайы трагедиялық түйіні.

Қыздың Төлегенге деген сезімін жасырын түрде өткізуі, өзін-өзі тежеп отыруы да адам психологиясын ашатын деталь. Ол Төлегенге шынайы жақын болғанымен, өз абыройын, ішкі қадірін сақтауды да ойлайды. Оның «мен өмірді білмейтін, парықсыз әйелмін» деп өзін сипаттауы — ішкі толғаныс пен күдік, өзін-өзі бақылау мен тәжірибесіз қорқыныштың көрінісі. Бұл детальдар арқылы жазушы әйел табиғатының әлсіздігін емес, керісінше тереңдігін, сезімнің шынайы салмағын көрсетеді.

Төлегеннің әлеуметтік жағдайы мен тағдыры да шығарманың проблематикасын толықтырады. Жетімдік, тіренетін ешкімнің жоқтығы, қарапайым студенттік өмірдің ауыртпалығы — бәрі оның талантын ашуға емес, оны тұншықтыруға әкеледі. Жазушы қоғамның өнер адамын түсінбеуін, оған қолдау көрсете алмауын, таланттың жалғыздығын ауыр көркем суретпен береді. Осы тұрғыдан алғанда, шығармада әлеуметтік-психологиялық проблема да айқын көрінеді: қоғамға етене сіңе алмаған талант пен тірек іздеген жастың қасіреті. Әңгімеде махаббат табиғаты да кеңінен ашылады. Жазушы махаббатты тек романтика немесе сезім күйінде бермейді; ол оны өмірдің ауыр, кейде өткір, кейде жаралайтын шындығымен байланыстыра көрсетеді. Қыздың Төлегенге деген шынайы сезімі трагедияға ұласып, адамның жүрегінде өшпес із қалдырады. Осы арқылы автор махаббаттың нәзік әрі қауіпті табиғатын, шынайы сүйіспеншіліктің қуанып қана қоймай, күйзелтіп те жіберетінін көрсетеді. Бұл туынды әйелдің ішкі сезім әлемін терең, нәзік, шынайы түрде беретін шығарма. Жазушы жалпы адам тағдырын — жалғыздық, өнер, қоғам, махаббат, үміт пен үмітсіздік, сезім мен тағдыр күресін бір арнада тоғыстырады. Әңгіме тек екі жастың махаббаты емес, үлкен

әлеуметтік астары бар, адам болмысының қалың қатпарларын ашатын күрделі дүние. Мұнда өткен мен болашақ, арман мен шындық, үміт пен трагедия, әйелдің нәзік сезімі мен ер адамның күйрегіш тағдыры — бәрі бір көркем кеңістікке бірігеді.

«Әйел махаббаты» — мөлдір махаббатты да, ауыр тағдырды да, романтикалық сезімдердің отты сәтін де, қоғамның қаталдығын да, адамның жан әлемінің психологиялық тереңдігін де қатар суреттейтін шығарма. Махаббаттың өзі — лиризммен басталып, трагедиямен аяқталатын күрделі құбылыс екенін көрсететін бұл әңгіме қазақ прозасының нәзік психологизмге құрылған көркем үлгісінің бірі болып табылады. Мұхтар Мағауиннің «Қуыршақ» әңгімесі – қазақ прозасындағы мистикалық және фольклорлық сарындарды жаңаша эстетикада бейнелеген бірегей туынды. Шығармада адам тағдыры, оның рухани әлемі, сенім мен күмән арасындағы күрес, махаббат пен қорқыныштың алмасуы, мистикалық күштердің адам өміріне ықпалы терең көркемдікпен беріледі. Автор дәстүрлі фольклордың архаикалық элементтерін қазіргі заман өмірімен шебер ұштастырып, оқырманды реализм мен мистиканың аралығындағы ерекше кеңістікке енгізеді. Әңгімеде адам өмірінің нәзіктігі мен тағдырдың белгісіздігі, адамның ішкі күйзелісі мен психологиялық қайшылығы, махаббаттың жарық сәулесі мен оның қараңғы тылсым күштермен талқандалуы суреттеледі. Шығарма алғашқы махаббат, жастық романтика сияқты өміршең сезімдермен басталып, біртіндеп адамның жаны мен тәнін әлсірететін, еркіндігін тартып алатын тылсым күштің ықпалына ауысады. Бұл өзгеріс – Мағауин шығармаларына тән драматизм мен терең психологиялық талдаудың бірігуі. Әңгімедегі басты кейіпкер Құрманның тағдыры кездейсоқ, сырттай қарағанда жай ғана ғашықтық оқиғасынан басталғанымен, уақыт өте келе мистикалық сипатқа ие болады. Қыздың сыртқы көркі, мейірімді жүзді болып көрінуі, оның жұмбақ мінезі мен түсініксіз әрекеттері Құрманды баурап алады. Алғашында бұл сезім таза, жаңғырықты, романтикалық күйде берілген. Алайда уақыт өте келе қыздың адамдық табиғаттан тыс, тіпті залым күш иесі екені аңғарылады. Құрман қызды әдемілігі, нәзіктігі, жұмсақтығы үшін сүйеді, бірақ оның өзіне түсініксіз түрде әлсірей бастауы, күннен күнге қуатының сарқылуы, ұйқысыздық, қорқыныш, әлсіздік сезімінің артуы

- автордың адам тағдырын зұлым күшпен байланыста көрсетуінің негізгі желісі. Бұл
- адамның махаббат деп сенген нәрсесі өз түбінде оның жандай күрескер рухын да, физикалық энергиясын да жойып жіберуі мүмкін деген ойды меңзейтін трагедиялық шешім. Шығармадағы адам тағдыры ең алдымен адамның өз сезімі мен сенімінен қашып құтыла алмауы арқылы бейнеленеді. Құрман қыздан алыстағысы келеді, бірақ оған қайта тартылады; оны сүйгісі келеді, бірақ қорқады; қыздың тылсым табиғатын сезеді, бірақ одан ажырай алмайды. Бұл – адам рухының екіұдайлығы, сезім мен ақылдың күресі, адам жанының әлсіздігі. Тағдыр иірімдері белгісіз бағытқа бұрылып отыратын табиғи күш екенін Мағауин осы психологиялық қайшылық арқылы көрсетеді. Құрманның

тағдыры адам еркіндігін шектеумен ғана емес, адамның өз таңдауының салдарымен де байланысып тұр. Ол түсіне тұра, сезіне тұра, қыздың соңынан еріп отырады. Жазушының мақсаты – адамның тағдыры алдын ала анықталмағанымен, оның кей тұстарында ішкі әлсіздік пен сыртқы тылсым күштің араласуы шешуші рөл атқаратынын көрсету.

«Қуыршақ» әңгімесінің негізгі идеясы – адамның рухани және психологиялық еркіндігі туралы ой. Адам кейде өзі сенген, өзі сүйген нәрсеге құл болып кетеді; ал махаббат кейде адамның жанын жарыққа емес, қараңғылыққа алып барады. Сыртқы сұлулық, нәзіктік, мейірім шын мәнінде зұлымдықтың да маскасы болуы мүмкін. Жазушы адамның сенімге тым тез берілуі, сезімге бой алдыруы, адамның тылсымнан қорқа отырып соған жақындай түсуі сияқты психологиялық процестерді шынайы бейнелейді. Бұл идея шығарманың трагедиялық салмағын күшейтеді. Жазушының айтуынша, адам тағдыры – тек сыртқы жағдайлар мен орта әсерінен ғана емес, оның өз ішіндегі үрейлер мен сенімдерден де құралады. Шығармадағы детальдар – ерекше мәнге ие. Автордың мистикалық әлемді құруда қолданған әрбір бөлшегі – символдық қызмет атқарады. Қыздың ақ жүзі, салқын қолы, жұмсақ үні, түнгі кездесулер, түсініксіз шаршау мен әлсіздік, түстер, елестер – мұның бәрі жансорғыш, тылсым әйел образын ашуға бағытталған. Құрманның күннен күнге әлсіреуі, ұйқыдан бұрынғы қорқынышы, қызды көрген сайын денесіндегі салқындық – оқырманды мистикалық атмосфераға енгізетін детальдар. Автор фольклорлық дәстүрдегі

«албасты», «жын-пері», «елес әйел», «жансорғыш» сияқты образдарды жаңаша интерпретациялайды. Міне, осы фольклор элементтері шығарманың реалистік желісімен қатар өріліп, оны постфольклорлық деңгейге көтереді. Мағауин халық мифологиясын заманауи қала өмірімен табыстырады. Бұл тәсіл кейіпкердің нәзік психологиялық күйін ашуға мүмкіндік береді. Әңгімеде көтерілген проблематика бірнеше қабаттан тұрады. Ең алдымен – адамның рухани әлсіздігі және сенімнің психологиясы. Құрманның қызға тәуелді болып қалуы – тек махаббаттың күші емес, адамның ішкі әлеміндегі бос кеңістіктің, жалғыздықтың, әлсіздіктің көрінісі. Екінші мәселе – мифологияның қазіргі заман өмірінде де өз орнын жоғалтпауы. Қазіргі заман адамы өзіне рационалды көрінетін санаға сенгенімен, ішкі дүниесі әлі де мифтік образдарды қабылдайды. Үшінші мәселе – адам мен зұлым күштің арасындағы күрес, жалпы «жақсылық – жамандық» диалектикасы. Құрман бұл күресте жеңіледі, өйткені ол қыздың шынайы табиғатын түсінсе де, оның сұлулығы мен жұмбақтылығына қарсы тұра алмайды. Бұл – адамның өз құмарлығына, сезіміне жеңілуінің трагедиясы. Әңгімедегі лиризм мен романтизм алғашқы бөліктерде айқын көрінеді. Автор кейіпкердің қызға деген алғашқы сезімін поэтикалық тілмен жырлап, жастық шақтың мөлдірлігін, қала түнінің романтикасын, музыка мен вальс сарынын суреттейді. Жарық, әдемі, жүрекке жылы сезімдерге толы бұл эпизодтар шығарманың эмоционалдық реңін жұмсартып тұрады. Алайда осы лиризмнің астында бірте-бірте көрініс беретін қараңғылық пен қорқыныш

романтизмнің тез арада трагизмге ауысуына себеп болады. Құрман сезімінің тазалығын сақтағысы келсе де, қыздың табиғатында бар тылсым күш оны өзіне тартып, соңында тұтас психикалық күйзеліс пен физикалық әлсіздікке әкеледі. Бұл лирикалық бастама – шығарманың трагедиясын тереңдететін контраст ретінде қолданылған көркемдік тәсіл. Трагизм – әңгіменің басты эстетикалық өзегі. Құрманның тағдыры – романтикалық сезімнің қара күшке жеңілуінің, адамның рухани еркіндіктен айырылуының трагедиясы. Оның қызға деген сүйіспеншілігі – оны өлімге немесе рухани құлдыққа апарды. Мағауин бұл трагедияны сырттай емес, ішкі күйзеліс деңгейінде көрсетеді. Адам өз сезімін түсінсе де, одан бас тарта алмайды; адам зұлымдықты сезсе де, оған қарсы тұра алмайды; адам өмірді сүйсе де, өмірден алыстай береді. Шығармадағы трагизм – отандық прозаның ең күрделі психологиялық бағыттарының бірі.

«Қуыршақ» әңгімесі қазақ әдебиетіндегі ерекше құбылыс болып табылады. Мұнда фольклорлық дәстүр, мистикалық элементтер, заманауи психологиялық талдау, реалистік баяндау, романтикалық сезімдер және трагедиялық шешім бір арнада тоғысады. Жазушы адам тағдырын мистикалық күшпен байланыстыра отырып, адамның сезімдік әлеміндегі әлсіз тұстарын, оның рухани күресін, сенім мен күмән арасындағы ішкі шайқасын көркемдік тереңдікпен көрсетеді. Шығарма романтикалық бастауымен оқырманды баурап алып, трагедиялық шешімімен ойландырады. «Қуыршақ» – адам жүрегінің тылсымдарын, тағдырдың құбылмалы табиғатын, өмір мен өлім арасындағы нәзік байланысты бейнелейтін эстетикалық құндылығы жоғары туынды.

Қорытындылай келе, Мұхтар Мағауиннің «Әйел махаббаты» және «Қуыршақ» шығармалары — қазақ прозасындағы адам болмысының ең күрделі қабаттарын ашатын көркемдік деңгейі жоғары шығармалар. Екі туындыны біріктіретін басты өзек

- адам тағдырының терең психологиялық, әлеуметтік және рухани қырларын суреттеу, сондай-ақ махаббат, жалғыздық, сенім, үрей және тылсым күштердің адам өміріне ықпалы. Екі шығарманы салыстыра қарағанда, Мағауин адам болмысына тән әлсіздік, сезімдік тәуелділік, жалғыздық, рухани күйзеліс, тағдыршешті шешімдер сияқты ортақ тақырыптарды әртүрлі көркемдік әдістермен береді. «Әйел махаббаты»
- лирикалық және әлеуметтік-психологиялық бағытта құрылған реалистік туынды болса, «Қуыршақ» — мистикалық-психологиялық бағыттағы көркем проза үлгісі. Бұл жазушының шығармашылық диапазонының кеңдігін, стильдік шеберлігін, адамның ішкі әлемін сезіне білу қабілетін дәлелдейді.

Әдебиеттер тізімі:

1. *Мағауин М. Әйел махаббаты // Таңдамалы шығармалар. – Алматы: Жазушы, – 256 б.*

2. Мағауин М. Қуыршақ // Қаралы үй. – Алматы: Қазығұрт, – 312 б.
3. Нұрғали Р. Қазақ романы және бүгінгі дәуір. – Алматы: Қазақ университеті, 2001. – 384 б.
4. Есенғұлова А. Қазақ прозасындағы психологизм мәселелері. – Алматы: Білім, 2015. – 240 б.
5. Тұрсынов Қ. Қазақ әдебиетіндегі мифологиялық негіздер. – Алматы: Ғылым, 1998. – 214 б.
6. Әдебиеттану. Терминдер сөздігі. – Алматы: Арыс, – 544 б.

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.